

Мазмұны:

Кіріспе.....	3
I Бөлім. Шебердің оқушымен жұмыстану кезіндегі даярлығы.....	4
1.1. Педагогикалық процесті басқару шебердің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейі.....	4
1.2. Жас ерекшелігіне қарай оқушыны оқу-тәрбие жұмысына баулу.....	5
II Бөлім. Шәкіртке білім беруде ең маңыздысы – білікті маман.....	9
2.1. Тәрбие түрлері мен әдістерін тиімді қолдана алу.....	9
2.2. Оқушы өміріндегі шебердің рөлі.....	15
2.3. Заман талабына сай білімді ақпараттандыруда шебернің алатын рөлі.....	18
III Бөлім. Бала тәрбиесі кезіндегі шебердің шеберлік қасиеттері.....	20
3.1. Шебердің біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар.....	20
3.2. Оқу-тәрбие жұмысында шебер мен оқушының арасындағы қарым-қатынас.....	21
Қорытынды:.....	22
Қолданылған әдебиеттер:.....	23

					ISBN 0104023100			
Әнұя	Білім	Құрастыру	Қытаю	Құрау	«Өндірістік оқытудың оқу тәрбие үрдісіндегі шебердің рөлі»	Аты	Елі	Саны
Орталық	Білім	Құрастыру	Қытаю	Құрау				

Кіріспе

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үрдісі қалыптасып, ескі мазмұндың орнын жаңасы басуда. Жаңа білімнің парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуы және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әр түрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру - өте күрделі де ұзақ үрдіс. Кейде ол шеберден оқытудың үйренішті әдіс-тәсілдерінен арылуды талап етеді. Сондықтан шеберге оқыту технологияларын үйретуді арнайы кәсіби тұрғыдан ұйымдастыру керек.

I Бөлім. Шебердің оқушымен жұмыстану кезіндегі даярлығы.

Шебер еңбегі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ғана емес, шебердің әдістемелік даярлығында тұрақты жетілдіруді талап етеді. Ис-әрекет нәтижесіне сәйкес қойылған мақсат шебердің педагогикалық процесс жағдайы ақпараттарды игеру нәтижесіне сәйкес қойылған мақсат шебердің педагогикалық процесс жағдайы жайындағы ақпараттарды игеру дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Міне, осыдан келіп педагогикалық процестің өту барысымен кезеңдер нәтижелері әрі қорытынды көрсеткіштері туралы ақпарат алу мақсатында шеберде мектептің (сыныптың) педагогикалық процесін қадағалап, бір жүйеде анықтай алады.

Шебердің өз әрекетінің және басқару ісінің объектісін осы заманға лайық ұға білуі; педагогикалық процесті басқаруға шебердің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейі; оқушылар ұжымын қалыптастыру әдістемесін білу; педагогикалық процесті диагностикалауға дайындық; оқушының отбасымен жұмыс істеуге дайындық; дарындылармен және тәрбиесі нашар балалармен жұмыс істеуге дайындық; шебердің өздігімен білім алу жұмысы болып табылады.

1.1. Педагогикалық процесі басқару шебердің теориялық және әдістемелік.

Сабақ – қашанда жетілдіп отыратын шығармашылық сипаттағы үрдіс.

Сабақ құрылымы қандай болса да шәкіртке білім мен дағды беруді көздейді.

Шебер – сабақтағы басты тұлға, өйткені ол оқушыларға жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Ол үшін түрлі оқыту әдістерін алмастыра пайдаланып, оқушылардың танымдық әрекетіне мақсат көздей басшылық етеді. Бұл жөнінде педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұов: “Мектепке бірінші керекі – шебер, екінші – оқу ісіне керек құралдар, үшінші – бағдарлама және оқулықтар керек”, -деп, дәл басып айтқан, өйткені оқыту ісінің сапасы осы – үш қажеттілікке байланысты. Әсіресе шебер бағдарламаны, оқыту құралдарын, оқулықтарды, әдіс-тәсілдерді пайдаланып,

оқушыларды біліммен қаруландырады. Олай болса, оқу-тәрбие ісінің табысты, білімнің берік болуы шебернің сабаққа мұқият дайындығына байланысты.

Сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізудің, әртүрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мектептегі ең кең тараған оқыту әдісі – ол шебернің ауызша баяндауы. Бұл әдіс оқу үрдісінде жетекші роль атқарады, барлық пәндерді оқытуда және сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе жаңа материалды түсіндіруде көбінен орын алады.

Шебер өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады. Шебернің ауызша баяндауы, сұрақтарды анық және түсінікті етіп қою, проблемалық ситуация тудыратын етіп қию, баяндалатын материалдың ең маңызды жерлерін айырып беруі, хабарлаудың жүйелі және дәлелді болуы қажет.

“Егер бала бір нәрсені дұрыс түсінбесе, онда шебер шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін кінәлауы керек. Шебер балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сәбірлікпен сөйлеп, шабаланды сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан, әрбір затты анықпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек”, – деген Ы. Алтынсарин.

1.2. Жас ерекшелігіне қарай оқушыны оқу-тәрбие жұмысына баулу.

Баланың жас ерекшелігі, әр жасқа тән болатын дағдарыстардың себептері туралы түсіндіріп, олардан Баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуде ата-анаға көмекке келетін – шебер. Өйткені мектеп жасындағы баланың көбіне көп негізгі әрекеті – оқу. Оқу барысында ол білімге қарым-қатнасқа, қиындық-адамгершілікке үйренеді. Сонда шебернің жеке бас үлгісі, сөзі мен ісінің сәйкестілігі, талапшылығы отбасы тәрбиесінде баға жетпес құралына айналады.

Адамның белгілі сипаты мен сапасын қалыптастырудың тәрбиешілердің мақсат тәрбие белгілі бір жас мөлшеріндегі топқа бағытталып, осы арқылы сол топтың мүмкіндіктерімен міндеттері тәрбиенің әдістемелері қолданылады. Адам өмірінің мектепке дейінгі кезінде

былай дейді: “Педагогикалық қарым-қатынаста балаға қарап жылырау баламен диалогтың ең қажетті құралы болып табылады. Сөйлесетін адамның неғұрлым кінәкөрі болса, ол өзінің іс әрекетіне үлкендердің неғұрлым үнсіз де жылы қызығушысына баға беруді қажетсінеді. Тек қана оқу процесінде ғана емес, жай қарым-қатынаста бастауыш сынып жасындағы балалар мен жасөспірімдерді жылы қызығушылықпен ынталандырудың маңызы зор. Сондықтанда педагогтың вербальды емес қарым-қатынаста өз бет әлпетінің жылылығымен әсер етуге сараңдығы бала мен педагог арасындағы оңсызда үлкен жас айырмашылығын қалыптастырады”.

➤ Жасөспірімдер тәрбиесі, бірінші кезде, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне әсер етеді. Жасөспірімдердің физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуіне көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достары мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайы арқылы жасөспірімнің жеке тұлғасын қалыптастыруға педагогикалық басшылықтың шамасы жетеді.

Демек осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті шебердердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әр қайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті едегілікті сақтай отырып педагогикалық ұстандылық пен шығалдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жасөспірімдер өмірінде, әсіресе, 9 сыныпта, яғни, толық орта білім алу жолына таңдау жасайтын кезде, олардың бойында әр түрлі мамандықтарға, мектеп пәндерінің ішіндегі белгілі бір пәнге деген қызығушылығы пайда болады. Сол оқушының бойында болатын өзгерістер мен құбылыстарды зерттеп оған бағыт бағдар беретін – ұстаз.

➤ Жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстағы жетекші педагогикалық идея: жеке тұлғаның өзіне тең құқықтарлықтарына сәйкес оның

																Сәт
																5
Бұл	Сәт	Ақпан 16	Ақпан	Ақпан												

КЖ.0104023.01

негізгі мүмкіндіктерін іске қосу үшін, жүзеге асыру үшін жағдай жасау, болашағының әлеуметтік-өнердік жағын анықтап алу үшін келісетесу.

Бұл кезеңде оқу тәрбиенің маңызды қызметі оқушының өз мамандығын таңдауына көмектесу, өзінің отбасын құруына дайындау және азаматтық көз қарасы тұрғысынан әлеуметтік, Отанға деген белсенділігін қалыптастыру болмақ.

Оқушының өз өмірінің келешегі мен жоспарлары, дүниетанымының негізі қалыптасады, өмірге деген өзіндік көзқарасы өмірдегі өзінің орны айқындалады. Шеберлер жүргізетін негізгі кезеңдегі мақсатты тәрбие өзінің айқындаушылық қызметін атқаратын болсада, дәл осы кезде жеке тұлғаның өз белсенділігі, оның әр түрлі құбылыстарға баға беруі, әлеуметтік келеңсіздіктерге қарсы ықпал ете білуі айқын көрініс береді, тіршілік талап ететін және өзінің әлеуметтік байланыстарының кезеңіне орай міндетті түрде пайда болатын күрделі жағдайлардан дұрыс жолын таба білу.

Бұл	Сырт	Ақпан 16	Ақпан	Ақпан						

II Бөлім. Шәкіртке білім беруде ең маңыздылығы – білікті маман.

Шебер бір тұтас педагогикалық процестің әр түрлі жақтардың қасиеттері мен сипалары туралы теориялық білімдер жайында және міндеттерге қатысы бар аулағы кең кәсіби міндеттерді қолдануға дайындығын көрсетуі тиіс. Қандай да болмасын қиыншылықтарды кәсіби міндеттерді шешуде маман еңбек процесіндегі әртүрлі элементтер, бөліктер арасындағы байланыстылықты анықтай отырып, оның жалпы құрылымын көре алады деген сөз. Шебер үшін мұның маңыздылығы біртұтас педагогикалық процестің жүйелі – құрылымдық сипаттау алда болатын іс-әрекеттің ойша моделін жасауға нақтылы жағдайды ескере отырып, “ұстаздар-оқушылар” жүйесінің жағдайының дамуын болжауға мүмкіндік беретіндігімен анықталады.

Кейбір мақсат-мәсел мен мақсат-міндеттер арасындағы айырмашылығына қарамастан міндеттер қойылған мақсат бағытына жасалған ережелер қадам болады және белгіленген нәтиже алу үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Ұстаз үшін оқушылармен бірге тек қана қандай нәтижелерге жетудегі қозғалысқайтып ұйымдастыру ғана емес, сонымен бірге алда істелінетін жұмыстың (не істеу керек) міндеттерін мұқият ұйлестіру арқылы қойылған мақсатқа саналы қозғалысын қамтамасыз ету ете маңызды. Тағыда оны субъект – субъектілік қатынастар педагогикалық процестің екі жақтылы болғандықтан оқушылармен бірге жасау керек.

Шебер барлық оқушыларды іс-әрекеттерге қосудың барлық мүмкіншіліктерін қолдануға қызығулы мүмкін емес сонымен бірге ол оқушылардың нақтылы әрекетін қамтамасыз етуі керек.

2.1. Тәрбие түрлері мен әдістерін тиімді қолдана алу.

Біршама консервативтік болғанмен яғни уақыт өткен сайын аз өзгеретін тандап алынған жұмыс формасы қойылған міндеттерді шешуге белгілі бір әдіс тәсілдерді қолдануды талап етеді. Ұстаз үшін “еңбек затын” ол үшін оқу еңбектің мазмұны болады оқылатын материалды менгеру үшін оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін және ұйымдастыру ерекшеліктерін білу.

Оқушылар үшін таным іс-әрекеттің (еңбек құралдары) әдістер мен тәсілдер олардың оқи алуы үшін енді үйренуге керекті заттар. Сонда ғана олардың педагогикалық процестің оқу және оқудан тыс аймақтарына белсенді қатысу мүмкіншілігін шындыққа айналдырады.

Баланың тұлға ретінде дамуының тиімді жағдайын нақтылы әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзіндік дамыту және өз орнын таба алу қабілетін қамтамасыз еткізетін шебердің басшылыққа алуға тиісті сол анықтамалардың принциптері:

- ❖ Оқушылар тұлғасын дамытудың көкейжесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру.
- ❖ Педагогикалық талап қысыптықты оқушының көзқарсын оны адамдарға, құбылыстарға, процестерге қарым-қатынасын сыйлаумен ұйымдастыру.
- ❖ Оқушы мен ұжымның дамуында жеке даралықты, жас ерекшелік пен ұлттық ерекшеліктерді ескеру.
- ❖ Педагогикалық басшылықты оқушылардың индикативасымен, қайраткерлігімен ұластыру.
- ❖ Оқушылардың іс-әрекеттерде тиімді нәтижелерге жетуге көмектеседі.
- ❖ Оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау.

Ұйымдастыру принциптері өзара байланысты. Бұл өзара байланыстылықты процестің мәнінен оған қатысушылардың практикалық әрекетінен көруге болады, ал шебердер мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру моделі ретінде ұсынылуы мүмкін.

Педагогикалық процестің моделін жасау қалайша оның мәнінде тәрбиенің нәтижесіне қол жететіндігін мүмкіндік береді. Әдеттегі қалыптасқан көзқарас бойынша, әсіресе жалпы практикада шебернің екі тәуелсіз оқыту және тәрбиелеу іс-әрекеттер саласы бар деп есептеледі.

Осыған сай шебер екі роль атқарады: пән мұғалімі және сынып жетекшісі.

Оқытудың тәрбиелік мүмкіншілігін жоспарда қарастыру әрекеті көбінесе

оқушының мектепке оол шебер беретін пәнге, оның өнегесі, тәрбиеле көзқарастарға, сенімдеріне, өмір принциптеріне қалайша қарайтындығы байланысты болады.

Шебер оқушылар арасындағы нақтылы қатынастарды игеру керек. Бұл қатынастардың өзінде, тіпті олар біздің еркімізден тыс қалыптасқанда олардың көпшілігі тәрбие бағытында қолдануы мүмкін.

Бұл процестің тиімділігі балалардың ұжымындағы іс-әрекеттердің мазмұны мен құрылымының одан әрі дамытуымен, олардың арнайы ұйымдастырылған ерекше бір іс-әрекет ретіндегі коллективтік қатынастары оқушыларда мақсатты бір-бірін тұрталық қабылдау мәдениетін тәрбиелеу, оқушылардың өзін-өзі тану процесі барысында оларға жеке дара көмек көрсету, ұжымда өзінң жүріс-тұрысын өзі реттеу және әлеуметтік тиімді өр орнын табуымен байланысты.

Егер негізгі тәрбие сайманы болып балалар ұжымын қалыптастыру үшін ұстаз әр түрлі іс-әрекеттер арқылы балалардың айнала қоршаған ортамен белсенді өз-ара-әрекетін ұйымдастыра алса, онда оған ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында балалардың өз арасындағы қатынасты кәсіби сауатты қолдану керек.

Тәрбие мақсаты – ол педагогикалық пен қоғамның қажеттілігіне қарай өзгеріп отырады. Тәрбие мақсаты қоғамның әлеуметтік сұранысына қарай және оның табысты орындалуы ұстаздың кәсіби дайындығына байланысты келеді. Ұстаздың қызметі мақсаттылығынан басталса, ал оқушылар оқу іс-әрекетінің мақсатын нақты ұғына отырып, талсырманы орындайды.

Гуманистік педагогика баланың қызығушылығын ояту мәселесін ең басты деп есептеді. Бүгінгі күнде оқушының өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасау тәрбие берудің басымдық ролін арттыруда.

Оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет оқушыларды әлеуметтік жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол оқушының жан дүниесіне, жеке тұлғаның белсенді жасалпаздық қажеттілігін дамытады.

									Стр
									11
Бұл бет	Ақпарат	Ана	Ана						

КЖ.0104023.02

Мектеп пен жанұяның педагогикалық процесінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыра жүзеге асады. Педагогикалық процесті сабақты ұйымдастыру үшін шебер оның теориялық негіздерін түсініп, оның мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, формалары және әдістерін, тәсілдерін ажырата алуы қажет. Формалар мен әдістер педагогикалық процеске қатысушылардың іс әрекетінің қозғаушы күші болып табылады, соның арқасында жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады.

Қоршаған дүниені өзгерте отырып, адам өзін де өзгертеді. Бұл ретте әр түрлі іс әрекеттің орны ерекше. Адамның психикасы мен санасы қоршаған ортамен әрекеттестігі арасында және нақты бір әрекет барысында дамиды. Бұл ретте индивидуумының іс-әрекеті жеке дара емес, басқа адамдардың (ата-ана, шебердер, оқушылар т.б.) іс-әрекетімен тығыз байланысты жүзеге асады. Сондықтан жалпы адамзаттық мәдениетті игеру үшін бала қоршаған ортамен басқа адамдар арқылы әрекеттестікте болуы керек, яғни олармен қарым-қатынас жасауы қажет. Осылайша іс-әрекет пен қарым-қатынас оқушының қалыптасуының ең маңызды шарты болып табылады.

Педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасы педагогикалық ықпал ету арқылы жүзеге асады. Оқу-тәрбие процесінің субъектілері әрекеттестігінің формалары мен әдіс-тәсілдері арқылы шешілетін белгілі бір мақсаттары мен міндеттері, тиісті мазмұны бар, логикалық тұрғыдан аяқталған, белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық процесс.

Тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру формалары әдістер мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Тәрбие әдістері дегеніміз тәрбие мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған шебер мен оқушының өзара байланысты іс-әрекеті. Педагогикалық процеске қатысушылардың тәрбие мақсаттарына бағытталған оқушылардың белсенді іс-әрекетін ынталандырудың тәсілдері мен нақты әрекеті. Әдіс-тәсіл деген де ұғым бар. Әдістемелік тәсіл дегеніміз әдістің жеке көрінісі. Әдіске қарағанда ол бағынынды сипатта болады.

Бұл бет	Аяқталған	Аяқталмаған	Аяқталмаған	Аяқталмаған

КЖ.0104023.02

Сәт
12

Сананы қалыптастырудың аталған әдістерін (әңгіме, түсініктеме, сендіру, насихат) ретте қолданғанда ол үгіттеуге айналады. Мұндай жағдайларда олар оқушы бойында қарсы әрекет, шебернің тілегіне кері әрекет ету ниетін оятады.

Этикалық әңгіме-сұхбат дегеніміз адамгершілік мәселелерді шеберлермен оқушылардың бірігіп жүйеліде бірінші талдау түрі Әңгіме-сұхбаттың жай әңгіме мен нұсқаудан айырмашылығы онда шебер оқушыларды өз ой- пікірлерін, көзқарастарын, бағаларын білдіруге шақырады. Әңгіме-сұхбат тегдік пен ынтымақтастықтың негізінде құрылады. Этикалық әңгіме-сұхбаттың мақсаты – адамгершілік түсініктерді тереңдету мен бекіту, білімді қортындылау, адамгершілік көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру, 5-8 сынып оқушылар тәрбиесіне әңгіме-сұхбаттың алар орны ерекше, өйткені баланың өзіндік ой-пікірлері, көзқарастарымен сенімдері осы жаста қалыптасады.

2.2. Оқушы өміріндегі шебердің рөлі.

Тәрбие әдістерінің ең көнелерінің ішіндегі жазалау – кеңінен танылған әрі өте қиын әдіс. Қазіргі педагогика мен тәжірибеде оқушыларды жазалаудың мақсаттылығы туралы әртүрлі қарама-қайшы пікірлер бар: жазалаусыз тәрбиеден бастап олардың күрделі түрлерін қолдануға дейін. Қазіргі мектептерде шебер мен оқушылар арасындағы қатынастың демократиялануы мен адамгершілікке негізделуі кезінде жазалауды қолдану мәселесі шиеленісуде. Жазалау дегеніміз педагогикалық ықпал ету әдісі, ол жағымсыз әрекеттердің алдын алып, оларды тежеуі қажет, өзінің жолдастарымен басқа адамдар алдындағы кінәсін түсінуге шақыруы тиіс.

Мектеп тәжірибесінде жазалаудың ескеру, ұялту, жиналысқа алу, белгілі бір жеңілдіктерден айыру сияқты түрлері қолданылады, ал өте нашар жағдайларда қыбаққа қатыстырмау немесе тіпті мектептен шығару (педагогикалық және оқушылар кеңесі бойынша) сияқты түрлері де қолданылады. Жазалаудың қатаңдығы оқушылардың кінәсына байланысты болуы керек. Шебердің қолданған жазасы дәйекті болып, ешбір кезексіз

немесе қудалаусыз қолданылуы қажет. Ұжым атынан ұсынылған жазалаудың ықпалы бартық болады. Жазалауда оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескерту қажет.

Оқушылар арасындағы келіспеушілік жағдайлар жазалауды қолданудың негізгі бола алады. Мұндай жағдайларда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін анықтап алу қажет. Оқу-тәрбие жүйесін педагогикалық жағынан сауатты құрастырса, жазалауды қолданудың қажеттілігі болмайды.

Тәрбие түрлері мен әдістері өте көп, бірақ оларды тиімді қолдана алу да қажет. Педагогикалық тәсілдерді таңдау шарттары.

- ✓ Қазіргі тәрбиенің мақаты мен міндеттеріне сай болу;
- ✓ Оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескеру, жекелік бағыттылық ;
- ✓ Оқушылардың оқу-тәрбиелік деңгейі;
- ✓ Тәрбиенің жағдайлары мен шарттары;
- ✓ Оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейі;
- ✓ Тәрбиелік ықпал етудің түрлері мен әдістерінің өзара байланысы мен жүйесі.

Тәрбиенің түрлері мен әдістерін қолданудың арнайы педагогикалық ұсыныстары жоқ. Педагогикалық процестегі әртүрлі жағдайларды шешудің тура ережелері жоқ, өйткені әрбір оқушының әрбір ұжымның өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Ешқандай педагогикалық амал-тәсіл, тіптен жалпы қабылданған деп есетелінетін сендіру, түсіндіру, әңгіме сұзбат, көпшілік ықпалын толығымен пайдалы деп айтуға болмайды. Ең жақсы деген амал-тәсіл кей жағдайларда міндетті түрде ең нашар болып шығады.

Балалар ұжымымен тиімді жұмыстар істеудің тиімділігінің шарттарының бірі ретінде қарастырылады ұжымшылық сияқты шебернің жеке қасиеттерін қалыптастыруға қатысты

Шебердің ұжымшылығы оның оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым –қатынас жасаудың негізінде балалар ұжымының қиынын ұйымдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас

педагогикалық процес теориясында бұл өзара қарым-қатнас өзара ықпалдасатын тәрбиелілік механизмі болып табылады және қызмет барысында ынтымақтастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысындағы сипатын түсіну шебернің қызырына кіреді. Соған байланысты шебер өзінің білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға дайын болуы керек.

Сабақты талдау оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін бағалауда өте жиі қолданылады. Сабақта оқушылардың да, шебернің де іс-әрекетін бақылап зерттеуге болады, ол материалды меңгеруде пайда болатын қиыншылықтардың себебін білуге, сондай-ақ оқытудың тәрбиелік сипатын тексеруге мүмкіндік береді. Тұтастай оқыту процесінің жетістігі, негізінен, сабақтың сапасына байланысты. Сабақта шебернің барлық іс-әрекеті, оның ғылыми дайындығы, педагогикалық дағдылары, оқушылардың оқыту жұмысын ұйымдастыру қабілеттілігі шоғырланады.

Сабақтың неғұнбай құндылығы – оның нәтижесі: оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі. Шебер сабақта сырттай тиімді тәсілдердің қандайын қолдана да, оқушылар тақырыпты меңгермесе, сабақты дұрыс өтті деп айтуға болмайды. Сабақта оқушы тек түсініп қана қоймай, білімнің белгілі бір мөлшерін меңгеріп, қажетті дағдылар мен біліктерді дамытуы керек.

Оқыту процесінің құралды бөлігінің бірі болып келген оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің мақсаты оқушылардың оқу жұмысын бақылау мен олардың үлгірімін есептеу. Шеберге оқушылардың білім, білік және дағдыны толық және сапалы түрде меңгеруі аз. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, шебер оны жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді. Білім сапасына ерекше мән беріледі, ол мына қасиеттермен сипатталады: білімнің толықтығы мен ғылымдылығы – белгілі бір оқу пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес өзегі болатын негізгі мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар; білімдерді меңгеру саналылығы –

							КСЖ.0104023.02	Салт
								16
Білім	Салт	Ақпарат	Ақпарат	Ақпарат	Ақпарат	Ақпарат		

оқушының ғылыми заңдар негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалдық әлем заттарын түсіндіре алуы, білімдерді ұжас жағдайларда қолдана алу және білімдер мен іс-әрекет әдіс тәсілдерін жаңа жағдайларға көшіре алуы; білімдер жүйелілігі – жаңа түсініктер мен ұғымдардың оқушы санасындағы бұдан бұрын игерген білімдер мен тығыз байланысты; беріктік – жинақталған білім саны мен іс-әрекет әдіс тәсілдерінің оқушы есінде сақталуы.

Оқушының оқуға қатынасы, дербестік, еңбекқорлық, ынтылылық, берілген тапсырманы дер кезінде орындау мен оның сапасына деген жауапкершілік сияқты оқушы жеке тұлғасының басты қасиеттерінің қалыптасуы оқушылардың білімін тексеру мен бағалау қалай жүргізілгеніне байланысты. Осылайша, тексеруге тек бақылаушылық қана емес, сонымен қатар, тәрбиелік пен дамытушылық қызметтері де тән.

2.3. Заңға талабына сай білімді ақпараттандыруда шеберлік аламын рөлі.

Соңғы жылдары мектептерге жаңа техникалық құралдар көрмен енгізілуде. Микроэлектроникаға негізделген бір беткей жаңа ақпарат тасушылардың пайда болуымен байланысты ақпарат революциясы соңғы он жыл ішінде мектептің дәстүрін айтарлықтай өзгертті. Болашақ білім беру көбінесе теледидар, аудио және бейне аппаратура, микрокомпьютер сияқты қазіргі ақпарат құралдарын әрі қарай пайдаланумен байланысты.

Алайда қандайда керемет техника болмасын, ол мектептегі шебер орнын баса алмайды, бұл жағдай ең басты, ең маңызды болып қала береді. Оқушылардың танымдық белсенділігі, ең бірінші, сыныптағы шебердің орнына, оның әрбір оқушының жақсы оқу қабілеттілігіне деген сеніміне, оқушылардың жетекшілерін әрдайым демеп отыруына байланысты. Нағыз шеберге мына қасиеттер тән: балаға деген сыймен сүйсіленділік, оның мүмкіндігіне сенім, оқушының өрлеу, жетістік, өз күшіне сену сияқты сезімдер пайда болатын жағдайлар жасау. Адамгершілігі мол шебер оқу процесі мен мектептің бүкіл кейпін түбегейлі өзгерте алады. Мұндай

								Сырт
								17
Білім	Ақпарат	Ақпарат	Ақпарат	Ақпарат				

КЖ.0104023.02

жағдайдағы оқу бала үшін қиын емес, жаңаны тану, зерттелмегенді ең бетінше алу, таңымдық іс-әрекеттің жетістіктеріне жету құрандығына айналады.

Қазіргі ғылыми жаңалықтарға таң қалуға болмайды. Өйткені жыл сайын жаңадан – туындап жатыр. Бұлай дегенде әр 10 жыл сайын университетке түсіп қайтадан жаңаша білім алу қажет дегендік емес. Бүгінгі жаңа технологиялар дәуірі соны талап етеді, адамдар өмір бойы іздену керек.

Бүгінгі күн талабына сай, ғылыми жетістіктерін терең меңгеріп білім сапасын көтеру үшін, ең алдымен жоғары білікті маман педагогтар дайындау, мектептердің материалдық, техникалық базасын нығайту, жақсы жабдықталған сыныптар мен дәріс оқитын аудиториялар, сапасы жоғары дәстүрлік немесе электрондық және мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдары аздай қажет.

Қазір білім алу үшін шекара жоқ, бүкіл әлемдік кеңістік пайда болды. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мемлекеттің шекарасының шеңберінен шығып кеткен. Дамыған мемлекеттің мамандары күн сайын интернетті жаңа ақпараттық жүйемен толықтыруда. Әр елдің байлық өндіру қабілеті сол елдің білімді адамдарының саны мен сапасына байланысты бола бастады.

				КСЖ.0104023.02		Сәт
						18
Түркістан	Астана	Астана	Астана			

III Бөлім. Бала тәрбиесі кезіндегі шебердің шеберлік қасиеттері.

Шебер – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгей жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге сендіруге дайын, оқу-тәрбие ісінде шынайы жанашырлық танытатын қоғамдық ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі және солай болуға тиісті.

3.1. Шебердің біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар.

Шебер оқыту үрдісін тиімді өткізіп, оқушылардың белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендегі талаптарды ескереді:

- Дидактикалық талап
- Дамытушылық талап
- Тәрбиелік талап
- Гигиеналық талап
- Психологиялық талап
- Ұйымдастырушылық
- Әдістемелік талап

Әдістемелік талапқа аталған барлық талаптардың жынтығы жатады.

Шебер оқытудың әдіс тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімінде құлшырлығын тудырып, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Оқыту әдісін таңдау үлкен шеберлікті қрек етеді. Айталық, өткенді қайталау, қорытындылау, жаңалармен байланыстыру, жадыға тты бекітуге арналған жаттығулар мен педагогикалық есептер жүйесін ойластыру, уақытты дұрыс пайдалану, сабақта оқушылардың жұмыс түрлерін тыңдау, талдау, жазу, жағтыу, іздену жұмысын ұйымдастыру сабақтың темінің ритмін өзгертіп отыру шебердің шеберлігі мен жұмыс стиліне байланысты шешілетін мәселелер.

Мектептегі оқу мен тәрбие беру ісінде шеберлердің атқаратын қызметі ерекше екеніне ешкім күмән келтірмесе керек.

Шебердің оқыту әрекеті саналы болуы үшін ол педагогика ғылымының заңдылықтарын, тәрбие міндетінің қоғамның мақсатымен талап-тілегінен

туындайтын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет дамудың көзі екендігін, қарама-қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, тәрбиелік білімдік, дамытушылық сипатын, оқыту мазмұны мен жоспары, бағдарламаның оқу-тәрбиемен сәйкестігін нақты білуі керек. Бұл білімдер мұғалімнің педагогикалық процесте қателіксіз еңбек етуіне мүмкіндік жасайды.

Шебердің оқу әрекеті табысты болуы үшін ол терең білімділігімен қатар, шексіз мәшәндікпен, айшықты бейнелілікпен, әсерлі сезімталдылықпен, ұнамды диалог және көркем әуезді дауыспен, қажетті сөздерді тауып, саралап сабақ түсіндіру сияқты педагогикалық қаруды игеруі абзал.

Бала тәрбиесі болашақ келіп, отбасы мен шебердер қауымының абыройы ісі. Тәрбиенің нәтижелілігі – терең тамырлы тәрбиені бойына дарытқан ортада болса. Ол ата-аналар өз міндетін жеті түсінгенде, шеберлермен ынтымақтастықта болған жағдайда ала басады.

3.2. Оқу-тәрбие кұрылымында шебер мен оқушының арасындағы қарым-қатынас.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – оқушылармен бірге өткізген уақытында әрбір сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, шебер мен оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін әдісті пайдалану болып табылады.

Сабақ – білім беруде ұйымдастырудың негізгі жолы. Қазіргі кезде сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын талап – оқушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Ол, біріншіден, тек дайын ақпаратты фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушылардың өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай, оқу материалын берудің құрышымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың іс-әрекетінедеген шебердің іс-әрекетінің көзқарасын өзгертуді

Бұл бет	Автомат	Адам	Ақыл	Ақыл	Ақыл	Ақыл	Ақыл
KJ.0104023.03							Стр
							20

талап етеді. Яғни, шебер оқушылардыңәзі белсенді жасампаз күш болатын, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде: үй жұмысын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруіне дайындығын, жаңа білімді енгізіп, оны танытып, қорытындылап және оларға сүйенген, алынған білімді қорытып, біржүйеге аяқталтырған кезде де көрініп отыруы керек.

Әрине, мұндай күрделі ой-өрісінің жүйелі қалыптасуына жетекшілік жасайтын оқушылардың білімді шығармашылықпен игеруіне жетелейтін, оның амал, тәсілдерін үйрететін мектептегі басты тұлға шебер әрекеті өз шәкірттерінің әрекеті тарапынан қолдау тапқанда ғана өзінің нәтижелі жемісін бермек. Екі әрекет бірін-бірі қолдаусыз дұрыс нәтижеге жеткізуі мүмкін емес.

Өзіндік жұмысының тиімділігі шебердің осы әрекетті дұрыс жоспарлау біліктілігіне байланысты болады. Тәжірибеден өз бетінше ізденуді, оқушылардың өзіндік жұмысын ебін тауып ұйымдастыра алатын, керек кезінде жағдайлар туғызып, олардың басты міндеттерін өз бетінше шешуге қабілеттандіре алатын шебердің оқытуда ең жақсы нәтижеге жететіндігін көруге болады.

Іздену арқылы басты мәселелерді жете білім, зерттеу, жақықтау, оны насихаттау, іске асыру, оқу және тәрбие жұмысын одан әрі жақсарта берудің сарқынмас көзі. Бұл жұмысқа шеберлер жұртшылығы белсенділіктен қатысып, зор үлес қосуға тиісті.

Бұл бет	Алғашқы бет	Аяқ	Аяқ	

Қорытынды

Жас ұрпаққа білім беріп сөйлеп, тәуелсіз Қазақстанның болашақ бәлкітінде білімді азаматтарын тәрбиелеп отырған білім ошағындағы шеберлер - өмір сүріп отырған қоғамдағы аса маңызды тұлға. Сондықтан шеберлердің күнделікті қызметіндегі шығармашылық негіздерді нығайтумен бірге, олардың қоғамдық белсенділігін қолдап, іскерлік еңбектерін көтермелеп отыру бүгінгі талаптардың бір мәрінісі болмақ.

Шебердің жас ұрпаққа білім беруші ғана емес, ол әрі шәкірттің өнеге алатын тәрбиешісі. Өйткені шебер балалардың білім алуына әсер етіп қана қоймай, өзінің дүниетанымы, үлгі адамгершілігі, биік моральдық бейнесі арқылы шәкірттер мен тәдректегілерге ықпалды әсер етеді. Білім шаңырағында жас ұрпаққа өлім-тәрбие беретін әрбір ұстаздың бойында білімділік пен парасаттылық, көрегендік, болашақ өмірге деген құштарлық қасиеттер болуы тиіс.

Шеберлер ұрпақтың еліміздің болашақ тірегі болып өсіп келе жатырған ұрпақ алдындағы биік адамдық, азаматтық парызына адалдығы оның қандай ұрпақ тәрбиелейтіндігімен өлшенбек. Себебі ұрпақ тәрбиелеп отырған шебер әрқашанда өзі өмір сүріп отырған қоғамның болашағы үшін қызмет етеді. Сондықтан да әрбір шебер өзінің алдында тәуелсіз Қазақстанның ертеңі, арқа сүйер азаматтары, халқымыздың аяулы ұл-қыздары отырағын бір сәтте естен шығарлауы тиіс.

Бірінші	Алтыншы	Алтыншы	Алтыншы	Алтыншы

ЕЖ.0104023.04

Сәт

22

Қолданылған әдебиеттер:

1. “Педагогика” «Өндірісті оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі» В. А. Скаун, 1990 ж.
2. «Өндірістік оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі» М. А. Шейденов.
3. «Педагогика» И. Ф. Харламов, 1997 – 98 ж.ж.
4. «Кәсіптік техникалық педагогиканың ғылыми негіздері» Сейтешов, Абдикаримов.
5. «Өндірісті оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі» В. А. Скаун, 1992 ж.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы».
7. «Тәрбие жұмыс әдістемелері» 1999 ж., М. Кротов.
8. «Профессионал Казахстана - Қазақстан кәсіпкері» журнал
9. «Білім» «Образование» әдістемелік журнал.
10. «Қазақстан мектебі» әдістемелік журнал.
11. «Компьютер әлемі» журнал.
12. «Әдіскер - Методист» әдістемелік журнал.
13. «Қазақстан мұғалімі» журнал.